PAVLODAR OBLYSY
BILIM BERUDI DAMYTUDYÑ
İNNOVASİALYQ ORTALYĞY

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (химия, биология мұғалімдеріне)

PAVLODAR OBLYSY
BILIM BERUDI DAMYTUDYÑ
İNNOVASİALYQ ORTALYĞY

Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (ББЖМ) - білім беру ұйымынан тәуелсіз оқыту сапасын жүйелі үздіксіз бақылау.

Мақсаты: білім алушылардың білім сапасын тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігін бағалау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығы (1-қосымша) «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары»

Мектептерде ББЖМ өткізу форматы

сынып	Өлшенеді	Тапсырмалар саны	Тестілеу түрі	Тестілеу уақыты	Тапсырмалар саны	Макс. балл
4 сынып	**Оқу сауаттылығы**	Бір дұрыс жауапты таңдаумен 10 тест тапсырмасы. (бірінші мәтінге -4 тапсырма, екінші мәтінге -6 тапсырма)	**Компьютерлік тестілеу**	**105 минут**	**30**	**30**
	Математикалық сауаттылық	Бір дұрыс жауапты таңдаумен 12 тест тапсырмасы.				
	Жаратылыстану сауаттылығы:	Бір дұрыс жауапты таңдаумен 8 тест тапсырмасы.				
9 сынып	**Оқу сауаттылығы (қазақ, орыс, ағылшын тілдер)**	. Бір дұрыс жауапты таңдаумен 13 тест тапсырмасы.	**Компьютерлік тестілеу**	**180 минут**	75	75
	Математикалық сауаттылық	Тест тапсырмаларының жалпы саны-32: 8 контекстен, әр контекстке бір дұрыс жауапты таңдаумен 4 тест тапсырмасынан.				

«Химия», «Биология» пәндер бойынша ББЖМ үлгі тапсырмасы

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылыққа арналған тапсырмалар
физика,
химия,
биология,
география
пәндері бойынша тапсырмалардан тұрады.

Әр пәнге бір дұрыс жауапты таңдаумен **8 тест** тапсырмасы берілген, оның ішінде әр пән бойынша **-2 контекст және оларға 8 тапсырма** (бір контекстке 4 тест тапсырма) беріледі.
Тапсырмалар күрделіліктің 3 деңгейінен тұрады:
базалық (А)-30%
орташа (В)-50%
жоғары (С)-20%

«Химия» пәні бойынша ББЖМ үлгі тапсырмасы

1-тапсырма.

Судың кермектігі және оны жою жолдары.

Кальций табиғатта кең таралғандықтан, оның тұздары табиғи суларда көп мөлшерде кездеседі. Құрамында магний және кальций тұздары бар су кермек су деп аталады. Егер суда тұздар аз мөлшерде болса немесе жоқ болса, онда су жұмсақ деп аталады. Қатты (кермек) суда сабын жақсы көбіктенбейді, өйткені кальций мен магний тұздары онымен ерімейтін қосылыстар түзеді. Кермек суда тамақтың дайындалу уақыты созылады. Қайнау кезінде бу қазандықтарының қабырғаларында жылуды нашар өткі-зетін қақ пайда болады, отын шығынының артуына және қазандық қабыр-ғаларының тозуына әкеледі.

Су кермектігі бойынша екіге бөлінеді:

1) кальций мен магний бикарбонаттарының болуынан туындайтын және қайнатқанда жойылатын карбонатты қаттылық (уақытша);

2) карбонатты емес қаттылық (тұрақты), ол суда сульфиттердің және кальций мен магнийдің хлоридтерінің қайнау кезінде жойылмайтындығынан туындайды, сондықтан оны тұрақты кермектік деп атайды.

1. Судың тұрақты кермектігі жою үшін суға... қосу керек.

A) сода B) қайнату C) әк сүтін D) сілтіні

2. Суды тұздардан толық тазарту үшін ... керек.

A) фосфаттарды қосу B) әк сүтін қосу

C) қайнату D) айдау әдісін қолдану

3. Кальций гидрокарбонаты мен әк сүтінің реакция теңдеуіндегі коэффициенттердің қосындысы.

A) 4 B) 5 C) 8 D) 6

4. 20 грамм кальций сульфаты натрий карбонатымен әрекеттескенде пайда болатын тұнба массасын анықтаңыз.

A) 14,7 гр

B) 136 гр

C) 100 гр

D) 200гр

«Биология»пәні бойынша ББЖМ үлгі тапсырмасы

1 тапсырма

Біз күн сайын тамақтанамыз. Биологиялық тотығу нәтижесінде ыдырау өнімдері пайда болады .Қанды тазарту және ағзадағы су мен тұздардың оңтайлы тепе-теңдігін сақтау үшін жақсы сүзгі қажет.Бүйректе қан әкелетін заттардан зәр шығару процесі жүреді.

1.Негізгі сүзгі функциясын орындайтын шығару жүйесі қандай?

A) бүйрек B) бауыр C) нефрон D) Қуық

2. Зәр шығару процесінің дұрыс реттілігін анықтаңыз.

A) сүзу-жинақтау-реабсорбция-бөлу

B) сүзу-реабсорбция-жинақтау- бөлу

C) реабсорбция-жинақтау-сүзу-бөлу

D) жинақтау-сүзу-реабсорбция- бөлу

3. Тәулік ішінде бүйректерді қанша қан сүзеді?

A) 14 литр B) 140 литр C) 1440 литр D) 144 литр

4.Екінші зәрде қандай заттар бар?

A) қанның, тұздың нысанды элементтері

B) тұздар, ақуыздар

C) ақуыздар, несепнәр

D) несепнәр, қанның нысанды элементтері

PAVLODAR OBLYSY
BILIM BERUDI DAMYTUDYÑ
İNNOVASİALYQ ORTALYĞY

Назарларыңызға рақмет!